ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

*2020 жылғы 11 ақпан*

**Қазақстан Республикасының 2019 жылғы төлем балансы туралы (алдын ала нәтижелер)**

2019 жылғы алдын ала бағалау бойынша, төлем балансының ағымдағы шоты 5,5 млрд АҚШ доллары дефицитімен қалыптасты. Сауда балансы профицитінің 19,5 млрд АҚШ долларына дейін 6,0 млрд АҚШ долларына (-23,4%) төмендеуі негізгі фактор болды.

Тауарлар экспорты 57,4 млрд АҚШ долларына дейін 4,0%-ға төмендеді. Тауарлар импорты 37,9 млрд АҚШ долларына дейін 10,6%-ға өсті.

Қызметтермен сауда-саттық балансы (-)3,5 млрд АҚШ долларына дейін 24,1%-ға жақсарды, бұл ретте көрсетілетін қызметтердің экспорты 7,7 млрд АҚШ долларына дейін 4,8%-ға ұлғайды, ал импорт 11,2 млрд АҚШ долларына дейін 6,5%-ға төмендеді.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері 2019 жылы 20,2 млрд АҚШ долларына дейін 1,0%-ға төмендеді. Бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан түскен кірістерінің жартысынан астамы еншілес қазақстандық кәсіпорындарды қаржыландыруға бағытталды.

Қаржы шоты бойынша (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) капиталдың таза әкетілуі 2019 жылы 3,0 есе қысқарып, 0,9 млрд АҚШ доллары болды. Бұл ретте тікелей шетелдік инвестициялар бойынша капиталдың таза әкелінуі 5,6 млрд АҚШ доллары болды. Резиденттердің портфельдік инвестициялар бойынша шетелдік инвестицияларының 4,7 млрд АҚШ долларына, басқа инвестициялар бойынша 2,7 млрд АҚШ долларына таза өсуі байқалды.

Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есептемегенде) 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 29,0 млрд АҚШ доллары болып бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының 7,1 айын қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері келесі телефон нөмірлері арқылы алуға болады:
+7 (727) 2704 591 (3930)
+7 (727) 330 24 52 (1452)
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz